

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Басқармасы  
отырысының 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 3 хаттамасына  
№ 1 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 16 маусымдағы шешімімен (№ 22 хаттама) бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясатқа өзгеріс пен толықтыру**

**1.** 30-тармақтың 5-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Саясаттың № 4 қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті журнал жүргізу арқылы Заңның 8-бабы 4-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерді тіркеу және есепке алу.»;

**2.** Осы өзгерістер мен толықтырулардың 1-қосымшасына сәйкес редакциядағы № 4 қосымшамен толықтырылсын.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 16 маусымдағы шешімімен (№ 22 хаттама) бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымша

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясатқа № 4 қосымша»

**Дербес деректер бойынша іс-әрекеттерді тіркеу және есепке алу журналы**

№	Субъектілердің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімдерінің қолданылу мерзімі немесе кезеңі (субъектінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісімімен көзделген мерзім немесе кезең, осы мерзімнің өзгерісі (бар болса) көрсетіледі)	Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру бойынша іс-әрекеттер  (дербес деректерді үшінші тұлғаларға берудің әрбір фактісі және осындай берудің негізі көрсетіледі)	Трансшекаралық беру бойынша, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату бойынша іс-әрекеттер (дербес деректерді үшінші тұлғаларға трансшекаралық берудің әрбір фактісі, дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату және осындай берудің, таратудың негіздемесі көрсетіледі)	Ескертпе
Толтыру мысалы				
1.	<p><i>Қызметкерлер бойынша (ескертпе):</i></p> <p>Қоғаммен жасалған еңбек шартының, азаматтық-құқықтық шарттардың және (немесе) өзге де мәмілелердің (шарттардың, келісімдердің және т.б.) қолданылуы ішінде де, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, Қоғамның құқықтар мен міндеттерді тиісінше орындауы үшін, ол жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті мерзімдер ішінде олардың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін де әрекет етеді.</p>	<p><i>Ескертпе:</i></p> <p>10.09.2022 ж. қызметкерлердің дербес деректері «ҚОҚ» АҚ-ны кешенді аудиторлық тексеруге байланысты ҚР Ұлттық Банкінің Ішкі аудит департаментіне берілді. Негіздеме: қызметкерлердің дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген жазбаша келісімі</p>	<p><i>Ескертпе:</i></p> <p>09.08.2018 ж. ___ қаласында өткізілетін оқытуға байланысты «_____» компаниясының қызметкерінің дербес деректерін трансшекаралық беру жүзеге асырылды. Негіздеме: _____ дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген жазбаша келісімі</p> <p>27.03.2020 ж. «ҚОҚ» АҚ интернет-ресурсында _____ Басқарма төрағасы орынбасарының дербес деректері жарияланды</p> <p>Негіздеме: «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚРЗ 7-бабының 4-тармағы, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚРЗ 16-бабы 8-тармағының 1) тармақшасы.</p>	

<p><i>Контрагенттер - жеке тұлғалар бойынша (ескертпе):</i></p> <p><i>Дербес деректер субъектісінің келісімі мерзімсіз қолданылады, дербес деректерді сақтау мерзімі шектелмеген.</i></p> <p><i>Қарыз алушылар бойынша (ескертпе):</i></p> <p><i>Қарыз алушылардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын әрекет ету мерзімі және/немесе кезеңі осындай бағдарламаларды іске асыру туралы келісімдер негізінде бағдарламаларға қатысушы банктер қамтамасыз ететін қарыз алушының келісімінің талаптарымен айқындалады.</i></p>			
---	--	--	--

».